

"«Әдеп ең қымбат мирас» тақырыбында тренинг өткізді. «XXI ғасырдағы қазақ қызының бейнесі» тақырыбында инста байқау ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CUwZZYEIm9V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWEIZA=

https://www.instagram.com/p/CUwaGXKo2Ea/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWEIZA=

Сонымен бірге «Ерте жастан жүктілік-болашаққа балта шабу» әңгіме сағаты, «Қызым үйде-кылығы түзде» дөңгелек үстел, «Қыз бала әдебі» сыр сұхбат, «Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында қыздармен түрлі жұмыстар жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CUy0GNjoJ_D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWEIZA=

Сонымен қоса тоқсан сайын қыздар жиналысы өтіліп, «Тазалық тәртіп басты талап», Қыз бала гигиенасы, «Бүгінгі қазақ қызы қандай?», «Қыз баланың жалпы қауіпсіздігі» тақырыптары талқыланып қыздарға түрлі кеңестер берілді.

Ер балалармен жүргізілген жұмыстар:

Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу мақсатында ұлдар клубы жұмыс жасады. Атырылған жұмыстар төмендегідей:



Әкелердің қоғамдағы орнын, беделін, мәртебесін көтеру, мектеп пен әкелердің бала тәрбиесіндегі байланысын күшейту, соның ішіндегі ер бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру мақсатында «Әке беделі-ұлт абыройы» тақырыбында әкелер мен ұлдар арасында дөңгелек үстел жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CcP8TewsP8p/?utm_source=ig_web_copy_link

«Біз болашақтың қорғаушысымыз!» эссе байқауы, «Аулақ бол жаман әдеттен» түсінік жұмысы, Әскер қатарынан келген азаматтармен кездесу, «Жігіт сұлтаны», «Сіздей болғым келеді» үлгілі әкелермен кездесу тәрізді жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Сонымен қоса тоқсан сайын ұлдар жиналысы өтіліп, жиналыста Ұл балалардың жеке бас гигиенасының тазалығы, «Ұқыпты, сәнді киіне білу» ұлдардың сырты келбетіне назар аудару, Мектепке тыйым салынған заттарды әкелмеу, түнгі мезгілдегі жасөспірімдер қозғалысы секілді тақырыптар қозғалып кеңестер берілді.

Қорытынды: Ұлдар, қыздар жұмысы мектепте жолға қойылған, жоспар бойынша жұмыстар уақытыл өтілген, дәлелдеме құжаттары, іс-қағаздары жинақталған. Мектепте себепсіз сабақ жөберетін, тәртіпсіздікке құмар оқушылар жоқ.



Қауіпсіздік шараларының алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар:

Интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында "МЕН ОФЛАЙН" тақырыбында акция жүргізілуде. "Менің интернетсіз бір күнім" әңгіме сағаты, "Мен офлайн" эссе байқауы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы: педагог-психолог Р.Қ.Шутонова

https://www.instagram.com/p/Cb9eGZRgGjs/?utm_source=ig_web_copy_link



"Төтенше жағдайлардың алдын алу" тақырыбында 1-наурыз Азаматтық қорғаныс күніне орай арнайы сабақ өтіліп, түрлі тақырыптардағы қауіпсіздік ережелері



түсіндірілді. Өткізген аудандық төтенше жағдайлар қызметкері: А.Тарыбай
Сонымен қоса Төтенше жағдайлар кезінде мектеп ғимаратынан эвакуациялау жаттығуларын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CcF7rTeMkNB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



Оқушыларды жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге, жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету мақсатында 7-8-9-сынып оқушыларымен учаскелік инспектор М.Бақдаулетовпен кездесу өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CaXGmJeAcys/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Сонымен бірге күзгі, қысқы, жазғы, көктемгі каникул кездеріндегі қауіпсіздік ережелері оқушыларға, ата-аналарға таныстырылды.

Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары:



"Рухани-келісім күні"- аясында "Толеранттылық-болашаққа бастар жол" тақырыбында іс-шара өтті. Шара барысында 5-9-сынып оқушылары түрлі ұлт өкілдері болып киініп, сол ұлттардың дәстүрі, тілі, діни туралы кеңінен таныстырып насихаттады.

https://www.instagram.com/p/CVYHZK5M2sf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Мемлекет басшысының "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру шеңберінде "Зайырлы ұрпақ" жобасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Қазақстан-зайырлы мемлекет" тақырыбындағы бір уақытта жаппай ашық диктант жазу күніне орай Кәсембай негізгі мектебінің 9-сынып оқушылары диктант жазды.

https://www.instagram.com/p/CXSvEmdg7SC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Мектебімізде қыркүйек айында 7-9-сыныптар арасында мектеп психологы: Р.Қ.Шутенова оқушылардың діни қызығушылық деңгейін, көзқарасын, білімін анықтау мақсатында сауалнама жүргізді. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың дінге иса қызығушылық, биімділік жоқ екені анықталды.

Қазан айында дінтану пәні мұғалімі: А.М.Керей «Теріс пұғалды діни ағымдар, олардың белгілері мен зардабы» тақырыбында дөңгелек үстел жұмысын өткізді. Жұмыстың негізгі мақсаты: Жастарды діни ұйымдарға тартуға әрекет жасаған жағдайдағы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, діни экстремизм жайлы, экстремистік ұйымдармен күрестегі мемлекеттік саясат жайлы түсінік беру. Оқушыларға қазіргі таңдағы теріс діни ағымдар жайында, экстремистік ұйымдар мен әртүрлі діни секталардың адам өміріне тигізер зияны туралы түсіндіру. Аталған жұмыс 8-9-сынып оқушыларына жүргізілді. Барлығы: 16 оқушы қамтылды.

Қараша айында 5-9-сынып оқушыларымен тәлімгер С.Таждауов «Терроризмге қарсымыз!» тақырыбында плакаттар байқауын ұйымдастырды. Жұмыстың негізгі мақсаты: теріс діни ағымдардың зардаптарын түсіндіру.

Қаңтар айында «Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өтілді. Ақпан айында «Көп

дінді елдің ертені бұлыңғыр», «Оқушының бойындағы діни білімін педагогика және психология факторы арқылы тәрбиелеу»-сынып жетешілермен мектеп психологы жұмыс өткізді.

Сонымен бірге жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында да ата-аналарға өз балаларын жеті қадағалауды және ата-аналарға да экстремизмнің қаупі туралы айтылды. «Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пығылы бетен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертен бірлігімізге сызат түседі». Міне, сондықтан да оқушылар мен ата-анаға қатаң ескерту шарасы беріліп отырады.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтілген жұмыстар:



Дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің ұйымдастырумен "Спорт ойындарының калейдоскобы" тақырыбында түрлі спорттық ойындар (тоғызқұмалақ, шахмат, столды теннис) өтілді.

https://www.instagram.com/p/CV2rvx-M-xE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Өскеден жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін, дені сау ұрпақ ертенгі елдің болашағы екендігін түсіндіру, адам денсаулығына зияны көп тыйым салынған заттарды тұтынбауға тәрбиелеу мақсатында "Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы" тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларымен мектеп медбикесі Б.Қожақова дөңгелек үстел жұмысын ұйымдастырып, түсінік берді.

https://www.instagram.com/p/Ca4S231gNYJ/?utm_source=ig_web_copy_link



Көсембай негізгі мектебінде ішінде сұйықтығы бар шегуге арналған электронда құрылғылардың зияндылығы, пайдалануға тыйым салынғандығы туралы түсіндіру мақсатында жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналарымен "Вейп-денсаулыққа өте қауіпті" тақырыбында дөңгелек үстел жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Ca9fmLVAf4z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Оқушыларды ұлттық ойындарды насихаттауға шақыру, ұлтымыздың салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын толық білуге үйрету мақсатында 5-8-сыныптар арасында «Ұлттық ойындар-ұлттық қазынамыз» тақырыбында ұлттық ойын жүрлерінен жирыстар ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CcP7_gds38O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

5-6-сынып оқушыларына тәлімгер С.Таждауов «Жаман әдеттен арылайық!» тақырыбында жұмыс өткізді. Аталған жұмыс барысында оқушыларға, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстану туралы кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/p/CXTPXqegZu9/?utm_source=ig_web_copy_link

Қаңтар айында мектеп тәлімгері С.Таждауов 7-9-сынып оқушылары арасында «Зиянды заттарды қолданудың салдары» тақырыбында эссе байқауын ұйымдастырып, үздік жұмыстар арнайы жүлделі орындармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Ca4S231gNYJ/?utm_source=ig_web_copy_link

«Қоғамға қызмет» еріктілер клубымен жұмыс



«Қоғамға қызмет» еріктілер клубының жетекшісінің ұйымдастырумен клуб мүшелері Табиғат аясында макулатура жинау жұмысы жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CWBABIQvQv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



Ауылымызда тұратын асыраушысынан айырылған жалғыз басты, көп балалы ананың аудасын қардан тазартуға «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мүшелері өз үлестерін қосты.

https://www.instagram.com/p/CcP8L79s4Cv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



7-мамыр Отан қорғаушылар, 9-мамыр Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай "ӘКЕ ДӘСТҮРІ - БАЛАҒА АМАНАТ" тақырыбында еріктілер клубының ұйымдастырумен тал отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектебіміздің көгалдандыру жұмыстарына әкелерімізді жұмылдыру болса, оқушыларды еңбекке баулу болып табылады.

https://www.instagram.com/p/CdG07rsMYpG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



Қараша айында «МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ бойынша «Таза мектеп – таза сынып» акциясы өтілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өтілген жұмыстар:



Бастауыш сыныптары арасында Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Ұлы даланың дара ұстазы» атты апталық өтті. 18-і күні 4-сынып мұғалімі Азанова Ш. апталықтың жоспарымен таныстырып, Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына презентация арқылы шолу жасады. Апталықтың екінші күні викториналық сұрақтар шешуге арналды.

20-сы күні оқушылар 3-сынып мұғалімі Ә.Ақылбекованың ұйымдастыруымен Ыбырай өлеңдерінен мәнорлеп оқу сайысына түссе, 21 қазан күні 1-сынып мұғалімі Ж.Сұлтанғалиеваның басшылығымен Ыбырай шығармаларынан сахналық қойылымдар көрсетілді. Апталықтың бесінші күні 2-сынып мұғалімі Е.Аққошқаров «Ыбырай әлемі» атты интеллектуалдық сайыс өткізді. Сонынан апталық жұмысы қорытындыланып, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CVZfd_Fl6x8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"Тарих беттерінде" тақырыбында тарихи тұлға қазақ халқының рухани көсеміне Ахмет Байтұрсынұлының- 150 жылдығына арналған ақпараттық сағат өтілді. Шара барысында А. Байтұрсынұлының өмір жолы мен еңбектерімен таныстырылып, мысалдарын жатқа оқыды.Әдеби лото ойыны арқылы сұрақтарға жауап беріп, білімдерін ортаға салды

https://www.instagram.com/p/CV4iqjkmO9j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған апталық аясында оқушылардың Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орнын, оның ағартушылық және мұғалімдік қызметі туралы баяндау, мақалаларына талдау жасау, деңгелік талсырмалар арқылы білімдерін қорытындылауға үйрету мақсатында "Ахмет Байтұрсынұлы - зергітеуші ғалым, қазақ жастарының рухани көсемі" тақырыбында 7-8-9-сынып оқушылары арасында топтық

жұмыс ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CW9Jsbo659/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын таныту, тәрбиелік мәнін ашу мақсатында "Мысал жанрын дамытушы тақырыбында 5-6-сынып оқушылары арасында іс-шара ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CW->

[DDOwllbA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/DDOwllbA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

"Оқуға құштар ұлт- оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ағылшын жазушысы, қоғам қайраткері Марк Твеннің танымал шығармаларының бірі " Том Сойердің басынан кешкен оқиғалары" кітабымен танысу мақсатында дауыстап оқу сағаттары және "Біз Том Сойермен таныспыз" атты әдеби- қойылымды танымдық сағаты өтілді. Шара барысында "11 сұрақ" айдарымен оқыған білгенімізді саралау үшін сұрақ - жауап түрінде ой бөлістік. Томның айласы" тақырыбында романнан үзінді қойылым қойып және криптаграмма шешіп үзінді оқылып, тараудың тақырыбын еске түсіру бағытында ойындар ойналды.

https://www.instagram.com/p/CaW5wJBg2nK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 2 сәуір Халықаралық кітаптар күні және 23 сәуір кітап және авторлық құқық күндері мерекесіне орай "Кітап - рухани қазына" атты он күндік іс шаралар жоспарланды. Мақсат: Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру; Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру. Адамзаттың мәдени және әлеуметтік өрлеуіне үлес қосқан авторларды құрметтеу, есімдерін ұлықтау; Ата-ана, ұстаз, оқушы бірлесе отырып оқу; Он күндік шараның бірінші күні база және театр үйірмесінің оқушылары, бастауыш сынып оқушылары мен "Кітап- асыл қазынам" атты шара өтілді. Шара барысында "Кітап қалай пайда болды? видеоролик тамашалап, Ж. Дауренбековтің "Кітаптар мұны" шығармасынан көрініс көрсетті. Кітап туралы елеңдер,

накыл сөздер айтылды.

https://www.instagram.com/p/CcSAzSMnvF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Сонымен бірге «Отбасыммен бірге оқимын» тақырыбында оқушыларымыздың ата-аналарымен кітап оқу сағаттерінен бейнеролистер мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

https://www.instagram.com/p/CcsC-7fAr-i/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CcsERdYg_ND/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Рәміздерді насихаттау мақсатында жүргізілген жұмыстар:

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында «Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?» сауалнама алу, «Менің туым,мактанышым!» Фотоконкурс, «Мемлекеттік рәміздер - ұлттық

мактаныш» тәрбие сағаттары, «Тәуелсіздігімің асыл жаршысы-мемлекеттік рәміздер» 5-9-сынып эссе байқауы, «Қазақстан Республикасының рәміздерін дәріптейміз» тақырыбында сурет байқаулары ұйымдастырылды.



Сонымен бірге бастауыш сыныптар арасында "РӘМІЗДЕРІМ-РУХЫМНЫҢ АЙНАСЫ" тақырыбында көркем сөз оқу сайысы ұйымдастырылды. Нәтижесі бойынша ✓Бас жүлде 1- сынып оқушысы Рза Әділет. Жетекшісі: Ж.Сұлтанғалиева.
✓1-орын 2-сынып оқушысы Қыдырбай Аян. Жетекшісі: Е.Аққошқаров.
✓2-орын 1-сынып оқушысы Мырзалы Мырзахмет. Жетекшісі: Ж.Сұлтанғалиева

3- орын 3-сынып оқушысы Рза Інжу. Жетекшісі: Ә.Ақылбекова.
Алғыс хат 4-сынып оқушысы Боранбай Мансұр. Жетекшісі: Ш.Азиева
Алғыс хат 4-сынып оқушысы Мынтұрған Нұртас. Жетекшісі: Ш.Азиева
Алғыс хат - 3-сынып Асқар Ақыл. Жетекшісі: Ә.Ақылбекова

https://www.instagram.com/p/Cewqr4CoXQJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмысы бойынша өтілген іс-шаралар:

Оқушылардың сыбайлас-жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жұмыс жасады. Атқарылған жұмыстар төмендегідей:

Жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау бағытында «Адалдық -атадан қалған мұрам» тақырыбында сынып сағаттары, «Парасатты азамат» бұрышын жасақтау, «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» тақырыптарында сайыс сабақ, «Болашаққа ақша емес, ақыл қалдырамын» тақырыбында дебат ойындары, Бес асыл іс» қайырымдылық акциясы жұмыстары жүргізілді.



Сонымен қоса "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" күніне орай

7-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Мектебіміздің тәлімгері: С.Таждауов оқушыларға жемқорлық туралы түсінік бере отырып, түрлеріне тоқталып, жемқорлықпен күресу біздің міндетіміз екенін түсіндіріп өтті.

https://www.instagram.com/p/CXTPXgegZu9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Кәсіби бағдар беру мақсатында жүргізілген жұмыстары:

Мектеп психологы Р.Шутенова оқу жылының басында 9- сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді. Диагностика негізінде оқушылардың кәсіби қалауының салалары, сондай-ақ жеке-тұлғалық ерекшеліктері анықталды. Оқушыларға нәтижелер негізінде кеңестер берілді.



5-6-сынып оқушыларына мектеп психологы: Р.Шутенова оқушыларға болашақ мамандығына айқын да сенімді таңдауына бағыт көрсету, өздерінің жеке мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге жол ашу, мамандық таңдауға кәтелеспеуге және қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету мақсатында "Арман жарқын болашақ" тақырыбында іс-шара өтілді.

https://www.instagram.com/p/CY8VdRVJkn0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==




Болашағыңды колледжден баста! 25-сәуір күні 8-9-сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында «Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

мамандарымен арнайы көздесу болып өтті. Кездесу барысында оқушыларға аталған оқу-орынның артықшылықтары, білім беретін мамандықтары және оқуға қызығушылық танытқан студенттерге қабылдау құжаттары туралы толық ақпараттар берілді.

https://www.instagram.com/p/CexKkkPg4_A/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Сонымен бірге «Әлемдегі жаңа мамандықтар» жаңа мамандықтар туралы таныстыру, «Мамандықты қалай таңдау керек?» кеңес беру жұмыстары жүргізілсе ата-аналарға да жиналыстарда "Мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау үдерісіндегі ата-аналардың рөлі", "Балаға мамандықты таңдауға қалай көмектесу керек?" тақырыптарында түсінік жұмысы жүргізіліп, кеңестер берілді.

«Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылған іс-шаралар жоснары негізінде жүргізілген жұмыстар:



Қыркүйек айында мектеп оқушылары парламенттің жобалау кеңесін құрып, сайлау арқылы президент және фракция мүшелерін сайлады. Өр айға жобалық бағыттар бойынша жұмыстар қойылды. Өр сыныптарда да өзін-өзі басқару ұйымы сайланды.



«ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ бойынша ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік ережемен таныстырылды. «Құқық және заң» кездесу, «Құқықтық сауаттылық заман талабы» сұрақ-жауап, және «Денсаулық асыл қазына» тақырыбында жұмыстар өтілді.



Қазан айында «ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ» ЖОБАСЫ бойынша «Мектеп белсенділері», «Қарты бар үй- қазыналы» тақырыбында жарнамалар, «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары жасалды. Мақсаты ауыл ақсақалдарын шақырып, дөңгелек үстел жасау. Мерекелік көңіл-күй қалыптастыру және ұлт болашағын тәрбиелеуші ұстаздарың

мәртебесін жоғарылату.



Қараша айында «МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ бойынша «Таза мектеп – таза сынып» акциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» топтық жұмыс, «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» сауалнама жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты оқушылардың басқарушылық қабілетін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.



Желтоқсан айында «СҮЙІСПЕНШІЛІК - ЖҮРЕКТЕН» ЖОБАСЫ «Тәуелсіздік тірегі- қайсар рухы қазақтың...» атты оқушылармен іс-шара, мақсаты Тәуелсіздіктің мән-мағынасын түсіндіру. Патриоттық сезімін ояту және «Жаңа жыл» байқауы өтілді. Мақсаты, Жаңа жылдық мерекені сезіндіру, позитивтік әсер қалдыру.



Қаңтар айында «Ерістілер жобасы», «Аялы алақан» жобасы бойынша «Жомарт жүрек» акциясы, «Ақын болу міндет емес, адам болу міндет», «Қайырымдылық - қайырлы іс» іс-шара

жұмыстары жүргізілді. Мақсаты, интеллектуалдық ойындар арқылы бос уақытты тиімді пайдалануға септігін тигізу және Оқушыларды қайырымды іске үйрету



Ақпан айында «ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ бойынша «Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалана білейік» пікірталас жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты, оқушылар арасында бәсекелестікке қабілетті жастарды қалыптастыру, әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану

Наурыз айында «ЭКО START» ЖОБАСЫ «Ұлыс оң болсын», «Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы және Аңғыс айту мерекесіне арналған шара, амал мерекесі өтілді. Мақсаты, қазақтың салт-дәстүрлерін ұлықтау. Жаңашылдық енгізу және әрбір күннің ерекше қайталанбасын түсіндіру.



Сәуір айында «ӨНЕРЛІ ӨРЕН» ЖОБАСЫ бойынша «Денсаулық – зор байлық» оқушыларға адамның ең басты байлығы денсаулық екенін түсіндіру, және «Туған жерім жайлы сыр» (экскурсия жасау) оқушыларға туған жердің кереметтілігін көрсете отырып, оны аялау мен сақтауды түсіндіру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Мамыр айында «Жеңіс- күні», Ұлы Отан соғысындағы батырларды еске түсіру, оларға арналған іс- шаралар өткізілді және де оқу жылы «Сыңғырла, соңғы қонырау» тақырыбында салтанатты жиынмен аяқталды. Жыл соңында белсенді фракция мүшелері марапатталды.

Қорытынды. Біздің мектептің өзін - өзі басқару ұйымы 2021 – 2022 оқу жылының 1 тоқсанының басынан бастап мектептің Парламенті жеткілікті үлкен қоғамдық-ұйымдастырушылық жұмыс атқарғанын атап өткім келеді. Өзін – өзі басқару күшейді және біз көптеген іс-шаралар өткіздік. Біздің парламент іс-шараларды өткізуде тәжірибе жинады; оларды жақсы ойластыруды үйренді; одан да біртұтас болды; басқалардың пікірін тыңдауды, оны бағалауды және тыңдауды үйренді".

Біздің мектепте сыртқы келбеті бойынша рейдтер және оқушылардың сабаққа кешігуін, күнделіктерінің толтырылуы, кітаптардың тазалығы, тексеріліп жүрді. Сондай-ақ, оқушылар арасында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу мақсатында түрлі іс – шаралар мен пікір алмасу сабақтары өтті.

Іс-тәжірибе тарату жұмыстары:



Ойыл аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 17 -қараша күні Көсембай негізгі мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л.Шутенованың ұйымдастыруымен



"Заманауи тәрбие технологиялары және оларды тәрбие үдерісінде пайдалану" тақырыбында тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының аудандық семинар-практикумы болып өтті. Мақсат: тәрбие саласындағы жаңа технологияларды қолдана отырып, әріптестер арасында іс-тәжірибе тарату. Семинар бағдарламасы аясында мектеп тәлімгері "Ұлы дала тәуелсіздігіне 30 жыл!" тақырыбында мерекелік бағдарлама өткізсе, Мектеп тренері, 2-сынып жетекшісі: Е.Аққошқаров "Баланы адамгершілікке тәрбиелеу жолдары" тақырыбында ата-аналарға коучинг, "Балалар және театр" арнайы жобасының жетекшісі: Б.Қалиева Ыбырай Алтынсариннің "Баланың айдасы" шығармасынан "Баланың тапқырлығы" қойылымын ұйымдастырса, 6-сыныпта М.Елемесова "Жол жүру ережесін білу-баршаға міндет" тақырыбында топтық жұмыс, 4-сыныпта М.Желдібаева "Ұялы телефонның пайдасы мен зияны" тәрбие сағатын, 9-сыныпта құқық пәні мұғалімі Ж.Даулетова ауылдық учаскелік

инспектор: М.Бақдаулетовты қатыстыра отырып "Жасөспірім және құқықбұзушылық" тақырыбында дөңгелек үстел, Мектеп психологы Р. Шүтенова мен әлеуметтік педагог М.Сисенов "Әке, сен асқар тауым еңселісің, Қадір мен қасиетімнің өлшемісің" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Рефлексия "Таңда, таста" әдісі негізінде жүзеге асып, әріптестер тарапынан семинар "ӨТЕ ЖАКСЫ" деңгейде өтті деп бағаланды. Семинар нәтижесі бойынша жұмыс көрсеткен барлық ұстаздар аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CWh7xmcB3Hr?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Кәсембай негізгі мектебінде мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, ҚР Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс-шаралардың ұйымдастыру нысандары мен әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты көрсетілген. Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы Заңы», Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы, «ҚР-ның бала құқығын қорғау», «Балалар құқығы» Концепциясы, «Діни қызмет діни бірлестік ҚР», «Неке және отбасы», «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының «Жасыл экономика» көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Қазақстан-2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020 тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді. Осы 2022-2023 оқу жылы бойынша осы аталған «Қоғам құндылығы» арнайы жобасының «Еңбек-елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет», «Дәстүр мен ғұрып», «Үнем-қоғам қуаты» жобаларын жүзеге асыруда бірікпелі шаралар атқарылды.

Қазіргі таңның ең өзекті мәселесі жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Құқық бұзушылық пен келенсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде — өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Осы маңыздылықты сақтау отырып, «Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы негізінде «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеу» тақырыбында учакелік инспектор М.Бақдаулетовпен оқушылар арасында кездесу ұйымдастырса, Құқық пәні мұғалімі: Ж.Даулетова «Өз құқығыңды біз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Оқушыларға халқымыздың игі дәстүрлерін, игі - қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт - дәстүрлерді бойларына сіңіру, рухани - адамгершілік қағидаларды ұстануға үйрету арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашуда «Дәстүр және ғұрып» арнайы жобасының маңызы зор екені белгілі. Осы орайда оқушылардан «Салт-дәстүрді

білеміз бе?» тақырыбында сауалнамалар алынған болатын. Нәтижесінде оқушыларымыз салт-дәстүрді жетік білмеседе, біршама білетіндігі айқын көрініс тапты. Тәлімгер М.Елемесова ұмытылып бара жатырған тағамдарымызды қайта жаңғырту, дәріптеу мақсатында «Ұлттық тағамдар ұлттық құндылығымыз» тақырыбында ұлттық тағамдар конкурсын ұйымдастырды.

«Еңбек-елдің мұраты» жобасының мақсаты қазірлі еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды ұдайы өзін-өзі жетілдіру мақсатында еңбексүйгіштікке баулу болып табылса, жүктелген мақсатты жүзеге асыруды «Еңбек ерлікке бастайды», «Мамандық таңдау ұлы іс» шаралары негіз болды.

Оқушыларды ысырапшылыққа жол бермеу, тұрмыстық қалдықтарды тиімді мақсаттапайдалану білуге, табиғи ресурстарды үнемдей білуді түсіндіру, үйрету мақсатында «Үнем-қағам қуаты» арнайы жобасы негізінде 8-9 сынып оқушылары арасында «Табиғи ресурстарға үнемділік-болашаққа деген сенімділік» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Аталмыш шара барысында оқушыларымыз табиғи ресурстарды үнемдеудің түрлі жолдарын елеп, екшеп ұсынса, «Шебер қолдар» көрмесі аясында тұрмыстық қалдықтардан көптеген қолөнер бұйымдарының көрмелерін ұсынды.

Жалпы өтілген дәстүрлі мерекелік шара жұмыстары төмендегідей:

1-қыркүйек Білім күніне орай салтанатты жиын ұйымдастырылып, барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына қонақтар шақырылып тақырып аясында мәліметтермен бөлісіді.

«Ұстаздар күні» мерекесі аясында мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында мерекелік ашық хаттар жасап құттықтады.

Ұстаздар күніне орай **05.10.2022ж.** мектеп бойынша Өзін-өзі басқару ұйымы "Дублер"күнін өткізді. Дублер күнінде орай оқушылар мұғалімдердің ролін сомдады. Өзін-өзі басқару күніне белсенділік танытып, оқушылар бөлініп, сабақтар жүргізді. Апталық соңы мерекелік жиынмен қорытындыланды.



“Дублер”күнін фотосуреттер

«Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы дәстүр бойынша мектебімізде өткізілетін алғашқы апталық жұмыстардың бірі. Осы апталық аясында мектебіміздің жұмыстарына ата-аналар қауымы белсенді түрде қатысады. Барлық сыныптарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі шаралар өткізді.



Қазан айында дәстүрлі түрде екі мереке - Қарттар күні мен мұғалімдер күні аталып өтіледі. «Руханият» бөлімі, Мектеп әкімшілігі, педагогикалық құрамы, оқушылар, ата-аналар ұжымдары өз өмірлерінің бір бөлігін мектепке арнаған мұғалімдерді мерекелерімен бейнероликтер арқылы құттықтап, ықыластарын білдіріп, назардан тыс қалдырмады. Халықаралық қарттар күні біздің назарымызды егде жастағы адамдардың қоғамдағы маңызды роліне аударуға арналған. «Руханият» бөлімі қазан айында рухани адамгершілік бағыты бойынша 1 – 9 – сынып оқушыларымен «Қарттарым, аман сау жүрші» жалғызбасты қарияларға көмектесу іс –шарасы өтті және бейнеролик түсіріліп,әлеуметтік желіге жүктелді.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс жоспарына сай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие мамандары мектеп оқушыларымен бірлесе отырып Тәуелсіздік тақырыбы аясында сыныптан тыс жұмыстар, спорттық шаралар, кездесулер, интеллектуалды тарихи сайыстар ұйымдастырып өткізді.

1 наурыз – Алғыс айту күні 1 – 9 – сынып оқушыларымен « Алғысым шексіз!» атты жұмысы өткізілді. Ана бір қолымен бесік тербесе; екінші қолымен әлемді тербейді демекші, асыл да, ардақты ана қадірін білу және ұғындыру мақсатында «Әлем бесігін тербейтін жан - АНА» атты мерекелік концерт мектеп оқушыларымен ұйымдастырылды.



(1 наурыз – Алғыс айту күнінен фото суреттер)

8-22-наурыз мерекесіне орай мектебімізде төмендегідей жұмыстар ұйымдастырылды. «Ана-дана, Ана-дара» хор челленджі, «Әлем арудармен әсем» 1-4-сынып оқушыларының мерекелік құттықтауы, «Сұлы қыз, сырлы жеңге» жеңгелер сайысы, «Сұлы қыз, сырлы жеңге» жеңгелер сайысы, «Әжелер сөз – тәрбие көзі» әжелер сайысы, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық киім киюд ұйымдастырылды. «Қазақ қоғамындағы әйелдің орны» дебат ойыны, 14-наурыз – Көрісу күніне орай «Амал келді, Жыл келді» атты бірыңғай тәрбие сағаты, «Бабаларымыздан қалған асыл қазына» ұлттық ойын түрлерінен сайысы, «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» пікірсайыс турнирі, «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджі жоспарланып, жоспарға сай ұйымдастырылды. Қатысушы сыныптар, ата-аналар барлық шараларға аса белсенділікпен ат салысты.



8 наурыз шарасынан



22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай өтілген жұмыстардан көрініс

1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-9-сыныптарда сынып сағаттары өтілді.



https://www.instagram.com/p/CrIIntdIwn4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушылармен «Жеңіс туы астында...» атты апталық іс-шара жұмыстары өтті.

https://www.instagram.com/p/Cr09GGCHur/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/CrpOT5foqYr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/CrI3byot2v/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

Оқушылардың денсаулығын сақтауы және қалпына келтіруге, суицидтің алдын алуға арналған іс-шаралар

Көсембай негізгі мектебінде «Өмір – қымбатсың маған» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: «Өмір», «Бақыт» ұғымдарына ұғымдарына тереңірек үнілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету және өмірге деген құштарлықтарын арттыру. Ойыл ауылдық полиция инспекторымен құқықбұзушылықтың және келенсіз оқиғалардың алдын алу, балаларды әлеуметтік желі беттеріндегі әр түрлі діни ағымдар мен келенсіздікке апаратын әр түрлі ойындардан аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында «Әлеуметтік желі әлігі» тақырыбында ата-аналармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 8-9-сынып оқушылары арасында оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға баулу және спортпен шұғылданып, салауатты өмір өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. 8-9-сынып оқушылары арасында мектеп психологі «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында бір реттік «вейп» эпидемиясын алдын алу, оның денсаулыққа зияны туралы түсіндірді. «Әкелер бізде қонақта» шарасы аясында «Отбасы- шаңырақтың айнымас тіреуі» тақырыбында әкелерге арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Мектеп психологі балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, өмірді сүйуге, бағалай білуге кеңестер беру және өзекті мәселелерді талдау кезінде өз ойларын ашық, батыл, еркін жеткізе білу мақсатында «Жүрек жылуын балама арнаймын» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Келенсіз оқиғалар мен жад қылықтаңдың алдын алу, өмір сүру құштарлықтарын арттыру мақсатында жоғары сынып оқушыларына «Өмір – бақыт, бәрі өз қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. 8-9- сынып қыз балаларымен «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдасытырылды. Кездесу барысында сауалнамалар алынып, ерте жүктіліктің зияны мен салдары түсіндіріліп, қыз балаларға беймезгіл уақытта жүрмеу керектігі, ішімдік ішкен, бөгде адамдардан сақтану керектігі туралы ескертіліді. Мектеп мейірбикесі Б.Қожақова 8-сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында шылтым шегудің зияны мен адам өміріне тигізер зардабы туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты.

https://www.instagram.com/p/CjqaGeLIPkY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/CkYA6nQIcek/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/CkpYs61oCPU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/Ckp2ASZgczE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA=

https://www.instagram.com/p/CoZoEvI1990/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA

«Қоғамға қызмет» еріктілер клубы бойынша жүргізілген жұмыстар:



Көсембай негізгі мектебінде Республика күніне орай әлеуметтік педагог және еріктілер мүшелері бірлесіп «тазалық бүгіннен басталады» акциясын өткізді.

Табиғат-бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы және аялы есігі.Акцияға 6-сынып оқушылары мектеп ауласын тазалап қол көмектерін берді. Сонымен қатар тазалықты өзімізден бастап, табиғатты, ауылымызды, мектеп айналасын тазарту мақсатында тазалық акциясына 3-сынып оқушылары өз көмектерін берді. Осы орайда қайырымдылықты насихаттау және дамыту мақсатында

«Жаксылық сабағы» ұйымдастырылды.

Халқымыздың тұла бойы мәдениеті, мінезі жақынына қимкор болу, мейірімділікпен жұмыла көмек көрсету сияқты қасиеттерден тұрады.Осыған байланысты азаматтардың әлеуметтік осал санатына көмек көрсету, қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, волонтерлік топтарды тарату мақсатында «Жанашыр Жүрек» акциясы аясында Көсембай негізгі мектебінде «Қоғамға қызмет» еріктілер тобы және ерікті мүшелер ауылымыздың жалғыз басты қарияларына көмек көрсетті.

«Ізгілік тілесең ізгі бол» акциясы.Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы-жомарттық, кең пейілділік.Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат.Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық дарығу мақсатында анасынан айырылған жалғыз басты әкеге көмек көрсетілді. Жақсылық жасау парызым! Әр қашанда қамқорлық жасап жүрейік!

https://www.instagram.com/p/Cj7Ki0no25X/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA

https://www.instagram.com/p/CjcpaEkaJmA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/reel/CsLPEUAA4ap/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Қыз балалармен ерте жүкiтiлiктiң алдын алу бойынша жүргiзiлген жұмыстар

Қыздармен жұмыс жоспарыда жүйелi жүргiзiлдi. Қыздар клубынан жетекшiсi Даулетова Жұмагүл Маратқызы. Жоспар бойынша қыз балалармен iс-шараларды жүргiзiп отыр. Алта сайынғы хабарлама жиынында қыз балалардың тазалықтары, мектеп формасын сақтауы тексерiлiп тұрады. Қыздар жиналысы жоспар бойынша ұйымдастырылып отырады.



«Әдеп пен ар-ұят әр қыздың көркі» тақырыбында қыз балаларға арналған дөңгелек үстел жұмысы өтiлдi.Жұмыс барысында оқушыларға қыз балалардың әдептiлiгi, кию мәдениетi, жүрiс-тұрысы туралы сөз қозғалып кенестер берiлдi. Қатысқан оқушы саны-13 Өткiзген: психолог Р.Шутенова

https://www.instagram.com/p/CUwaGXKo2Ea/?utm_source=ig_web_copy_link



«Ұрпақ саулығы-Ұлт саулығы» тақырыбында мектеп медбикесiмен 8-9сынып оқушыларымен аға тәлiмгер: С.Таждауов кездесу өткiздi. Мақсаты: Өскелең жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмiр сүру үшiн қажеттi бағалы байлық екендiгiн, денi сау ұрпақ ертеңгi елдiң болашағы екендiгiн түсiндiру, адам денсаулығына зияны көп тыйым салынған заттарды тұтынбауға тәрбиелеу. Қатысқан оқушы саны:-16

https://www.instagram.com/p/Cu4S231gNYI/?utm_source=ig_web_copy_link

«XXI ғасырдағы қазақ қызының бейнесі» тақырыбында қыз балалар арасында инста байқауы ұйымдастырылды. Әр қыз бала аталған тақырып төңірегінде эссе жазып инстаграмда посттар жариялады.

Ұйымдастырған: қыз балалармен жұмыс жетекшісі: Ж.Даулетова

https://www.instagram.com/p/CUy1CqSiGgu/?utm_source=ig_web_copy_link



Қыз балалармен жұмыс жоспары негізінде кітапханашы Қалиева.Б.С " Қазақстанның және әлемге әйгілі әйелдер" тақырыбында ақпараттық көрмемен таныстырды.Мақсаты: әлемге әйгілі, қазақстанның көрнекті тұлғалары әйелдерінің өмірімен, ізгі істерін үлгі ете отырып, қызығушылықшылықтарын аттыру.Қарапайымдылыққа,қайырымдылыққа, мейірімділікке, ибалыққа, ізгілікке тәрбиелеу. 9 сыныптың қыз балалары ақпараттық көрме мен таныстырып,кітапханашы әйел адамдардың атауымен аталған көркем әдеби шығармаларға шолу жасады.

https://www.instagram.com/p/CkAPnQeo5pl/?utm_source=ig_web_copy_link

5-8-сынып қыз балаларымен "Өмір қымбатсың маған" тақырыбында мектеп психологы Р.Қ.Шутенова қыз балалармен жұмыс жүргізді. Мақсаты: Өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге, қайырымдылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Cj-dEVmo0CE/?utm_source=ig_web_copy_link

Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы уақытылы ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

8-9- сынып қыз балаларымен «Қыз бала ұлттық ұяғы-халықтың шырайы» тақырыбында дөңгелек үстел жұмысы өтті. Мақсаты: қыздардың бойын жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсете отырып, сыпайылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/CzF8npLIRmB/?igsh=Ym51ZGU3eWN4cHY0>

Сонымен бірге 7-9-сынып қыз балалары мен жетекшілері арасында «Мұны қыздар білуі тиіс» тақырыбында интерактивті сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: қазақ дәстүрлерінің отбасындағы тәрбиеге ықпалын, тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін көтеру.

<https://www.instagram.com/reel/Cz3esZYI6qK/?igsh=MTZkZHNqaDAwNnZabg==>

Дебат үйірмесінің қатысушыларымен «Қыз қылығымен жарасымды» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CzYIXJh174/?igsh=d2Vham80dzRtbzlm> т.с.с барлық шаралар уақытылы жүргізіліп, іс-құжаттары жасақталып, мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланған.

Құқықбұзушылық, зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат



Көсембай негізгі мектебінде кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың, құқықбұзушылықтың, жыныстық қолсұғылмаушылықтың, буллингтің алдын алу бойынша біршама жұмыстар жүргізді. Жалпы мектебімізде 62 оқушы бар. Оның 30-ы ұл, 32-сі қыз бала. Оқу жылы басында ұлдар, қыздармен жұмыс, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары негізінде арнайы жұмыс жоспары жасақталып, жоспарға сай төмендегідей жұмыстар жүргізді.

- Ойыл ауданы ПБ инспекторы, полиция капитаны Мұратқалиев Мирас Еділұлы Көсембай негізгі мектебінде 4-9-класс оқушыларының арасында жасы кәмелетке толмағандармен және оларға жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында оның ішінде болсауау, мүддем

төзбеушілік деректері, отбасындағы зорлық зомбылық мәселелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қатысқан оқушы саны: 38

https://www.instagram.com/p/CnePvV9g7_Y/?utm_source=ig_web_copy_link



-Балалардың отбасында, қоғамдық ортада, білім беру ордасында құқығының қорғалуы, қадағалаусыз қалуының алдын алу, буллингке жол бермеу, балалар арасында қолайлы орта қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған "Басты міндет - бала қауіпсіздігі" тақырыбындағы іс-шара жоспары аясында 5-9-сыныптар арасында "Кибербуллинг деген не және ол несімен қауіпті?!" тақырыбымен тәрбие сағаты өтілді. Қатысқан бала

саны: 34

https://www.instagram.com/p/CnwXD5TIApP/?utm_source=ig_web_copy_link



Көсембай негізгі мектебінде оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайында түсінік беру, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, интернеттегі қауіпті ойындардың зардаптары туралы ақпараттандыру мақсатында 5-9- сынып оқушыларымен Қайыңды селолық округінің учаскелік инспекторы Мирас Еділұлымен

дөңгелек үстел жұмысы өтілді. Дөңгелек үстел "Көкейде жүрген сауал", "Менің құқықтарым мен міндеттерім", "Ертегілер еліне саяхат", "Тығырықтан шығар жол қайсы" айдарлары негізінде өрбіді. Шараға барлығы 34 оқушы қамтылды. Өткізген: С. Таждауов

https://www.instagram.com/p/CnlpGmt0WXh/?utm_source=ig_web_copy_link



Ойыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Бала біздің болашағымыз!" тақырыбындағы семинар кеңеске Көсембай негізгі мектебінен барлық сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог және психолог қатысты.

https://www.instagram.com/p/CoM0I9dInSx/?utm_source=ig_web_copy_link



Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі қозғалысының алдын алу, бақылау жасау мақсатында мектеп мұғалімдерінен түнгі кезекшілік құрылып, кезекші мұғалімдер өз міндеттерін атқарып келеді.

https://www.instagram.com/p/Cm8W4SrIISi/?utm_source=ig_web_copy_link



"Отбасындағы зорлық зомбылықтың түрлері және алдын алу" тақырыбы бойынша ата-аналармен мектебіміздің психологы Р.Шүтенова жұмыс жүргізді. Мақсаты: зорлық зомбылықтың түрлерімен таныстыру,оны болдырмау жолдарын үйрету.

https://www.instagram.com/p/CIRfvI-lwDi/?utm_source=ig_web_copy_link

-Сонымен бірге Басса Дарқидің баланың агрессивтік деңгейін анықтау сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 6-9-сынып оқушылары қатысты. Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтауға арналған Дасс сауалнамасы 8-9 – сынып оқушыларынан алынды. 6-7-сынып оқушыларынан Зунга сауалнамасы алынды. Сауалнамалар қорытындылары бойынша оқушылардағы өшпенділік, мазасыздық, стресс, депрессия деңгейлері қалыпты екендігі анықталды. Жалпы сауалнамаға қатысқан оқушы саны-34



Сонымен бірге әлеуметтік педагог, мектеп психологы ата-аналардың үйін аралай отырып, оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, балалардың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыра білуге кеңестер беріп отырады.

https://www.instagram.com/p/Ck_GMseoKpS/?utm_source=ig_web_copy_link



Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 2023-жылғы жоспарына сәйкес «ДОСТЫҚ» күніне орай психологиялық тренинг өтілді. Өткізген психолог Р.Шутенова. Қатысқан бала саны: 18

<https://www.instagram.com/p/CopHzcao7Hi/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ>



Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының бастамасымен "Менің мектебім буллингке қарсы" жалпы республикалық, флешмобына Көсембай негізгі мектебінің оқушылары белсенді атсалысты. Қатысқан бала саны-34

<https://www.instagram.com/reel/CsaiO2QACNf/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ>



"Менің сыныбым буллингке қарсы" атты челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана -сезімдерін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысты тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/CsTQlktlqN4/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ>



Мұғалімдер мен кіші қызметкерлер арасында интернет алаяқтықтың алдын алу, болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында қазіргі заманда интернет алаяқтарының түрлері мен олардың кең тараған әрекеттері туралы сөз көтерілді.

<https://www.instagram.com/p/CrdRxA9Ili/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ>



Әлеуметтік педагог Сисенов Медет интернеттегі алаяқтықтың алдын-алу мақсатында ата-аналарға және ауыл тұрғындарына алаяқтықтың белгілері, оның алдын-алу бойынша кеңестер жазылған жадынамалар таратып, алаяқтықтың алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

[https://www.instagram.com/p/CsI2-](https://www.instagram.com/p/CsI2-18gHZT/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ)

[18gHZT/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ](https://www.instagram.com/p/CsI2-18gHZT/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ)

Жол қауіпсіздігінің алдын алу бойынша жасалған жұмыстар туралы:

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы бойынша 7-9-сынып оқушыларына сынып сынып жетекшілері тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ-қолдың сынуы, ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірді.